

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті»  
РММ Фылыми кеңесінің шешімімен

**БЕКІТІЛДІ**

«23 » Сул 2025 ж.  
№ 9 хаттама  
Фылыми кеңестің төрағасы  
Г.А. Ахмедъяров



**«К.БАЙСЕЙТОВА АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

**ҚАБЫЛДАУ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.**

**ТАЛАПКЕР «К.БАЙСЕЙТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨҮ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТУСУДІҢ ҚАБЫЛДАУ  
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

- ✓ МАГИСТРАТУРА
- ✓ М037 АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ
- ✓ «7M02106» - Арт-менеджмент білім беру бағдарламасы

**1. БІРІНШІ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

- Мамандық бойынша емтиханга қойылатын талаптар:

**1. Жалпы ережелер**

**1.1. Емтихан откізу шарттары**

1. Билет таңдау: Талпкер билетті тек бір рет таңдайды. Билетті ауыстыруға болмайды.
2. Дайындық уақыты: Ойлануға және жауап дайындауға 20 минут беріледі.

3. Сұраптарға жауап беру: Жауаптар мөрі бар арнайы А4 форматындағы параққа жазылады, ол билет таңдалған кезде беріледі. Тек көк түсті қалам қолдануға рұқсат етіледі.
4. Қосымша сұраптар: Егер емтихан комиссиясын жауап қанагаттандырмаса, олар қосымша сұраптар қоюға құқылы.
5. Көшіріп жазуға тыйым салынады: Емтихан кезінде келесі әрекеттерге тыйым салынады:
  - Телефон, гаджеттер, шпаргалкаларды қолдану
  - Басқа үміткерлерден сұрау
  - Сөйлесу, тәртіп бұзу
6. Бақылау: Емтихан толықтай бейнебақылауға түсіріледі. Аудиторияда процесс барысын қадағалайтын комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері болады.
7. Кешігу: Кешіккендер емтиханға жіберілмейді.

#### *1.2. Кім үлгісі және тәртіп*

1. Үміткерлер ресми дресс-кодты сақтауы керек. Шортты, тәпішке және т.с.с сәйкес келмейтін киім киуге тыйым салынады.
2. Емтихан кезінде әдепті және сыйластықпен сөйлеу қажет, айғайлауға, дауласып, комиссияға дөрекілік көрсетуге болмайды.
3. Тәртіп бұзған жағдайда комиссия емтихан тапсырудан бас тартуға және күзет шақыруға құқылы.

#### *1.3. Жеке заттар мен тамақтану*

1. Смартфондар, гаджеттер, сөмкелер, портфельдер емтихан алдында комиссияға тапсырылады.
2. Азық-түлік пен сусындар өзімен бірге әкелуге (женіл тағамдар, су, кофе) рұқсат етіледі.
3. Дәретхана: Емтихан алдында баруға кеңес беріледі. Қажеттілік туындаған жағдайда тек кезекшінің бақылауымен шығуға рұқсат беріледі.

#### *1.4. Ереже бұзған жағдайда жауапкершілік*

1. Көшіріп жазу немесе тыйым салынған құрылғыларды қолдану анықталған жағдайда емтихан нәтижесі жойылып, үміткер аудиториядан шығарылады.
2. Егер дресс-код сақталмаса, тәртіп бұзылса немесе орынсыз мінезд-құлық көрсетілсе, комиссия үміткерді емтиханға жібермеуге құқылы.

*\*Жоғарыда аталаған барлық ережелерді сақтау міндетті!*

## **2. Билеттер бойынша ауызша емтихан**

Талапкерлер ауызша емтихан тапсырады, әр билетте үш сұрақ болады. Сұраптар магистратура бағдарламасына сәйкес мәдениет, өнер және арт-менеджменттің негізгі аспектілерін қамтиды. Бұл емтихан талапкердің дайындық деңгейін, мотивациясын, кәсіби қызығушылығын және магистратурада оқу үшін әлеуетін бағалауға көмектеседі.

## **Емтихан келесі пәндерді қамтиды:**

- Өнер тарихы
- Қазақ мәдениеті тарихы
- Арт-менеджмент
- Мәдениет экономикасы
- Менеджмент
- Маркетинг
- Кәсіпкерліктің негіздері
- Стратегиялық менеджмент

## **3. Емтиханиның мақсаты:**

### **Өнер және арт-менеджмент саласындағы құзыреттілікті анықтау**

- Өнер тарихы мен теориясын терең менгеру
- Мәдени үдерістер мен креативті индустріяларды түсіну
- Арт-менеджменттің негізгі ұғымдарын білу

### **Креативті және сынни ойлауды бағалау**

- Мәдени құбылыстар мен арт-нарықты талдау қабілеті
- Өнерді басқаруда инновациялық және стратегиялық көзқарасты дамыту
- Мәдени ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті

### **Басқарушылық және ұйымдастыруышылық дағдыларды бағалау**

- Стратегиялық менеджмент пен мәдениет экономикасының негіздерін білу
- Арт-жобаларды маркетинг және ілгерілету дағдылары
- Мәдени іс-шараларды үйлестіру қабілеті

### **Ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығын анықтау**

- Арт-менеджмент саласындағы ғылыми талдау әдістерін менгеру
- Өзекті мәселелерді анықтау және шешу жолдарын табу
- Ғылыми және қолданбалы жобаларды әзірлеу қабілеті

# **«7M02106-Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша билетпен ауызша емтиханға дайындалуға арналған болжамды тақырыптар**

## **1. Өнер және мәдениет**

### **Өнер тарихы**

- Өнердің негізгі бағыттары мен стильдері (Классицизм, Романтизм, Модернизм, Постмодернизм және т.б.)
- Ұлы суретшілер, мұсіншілер, сәулетшілер және олардың ықпалы
- Театр, музыка, кино және басқа өнер түрлерінің дамуы
- Өнердің қоғам мен мәдениетке әсері

### **Қазақ мәдениеті тарихы**

- Қазақтың дәстүрлі өнері: музыка, зергерлік өнер, кілем тоқу
- Қазақ әдебиеті, театры, киносы және бейнелеу өнерінің дамуы
- Қазіргі мәдени үдерістер және олардың арт-менеджментке әсері
- Қазақ мәдениетінің жаһандық контекстегі орны

## **2. Арт-менеджмент**

### **Арт-менеджмент негіздері**

- Арт-менеджменттің анықтamasы және негізгі қағидалары
- Қазіргі мәдениеттегі арт-менеджердің рөлі
- Шығармашылық жобаларды басқару ерекшеліктері
- Артистермен, кураторлармен, продюсерлермен жұмыс

### **Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру**

- Мәдени іс-шараларды жоспарлау кезеңдері
- Қаржыландыру және инвесторлар тарту
- Логистика және персоналды басқару
- Іс-шаралардың тиімділігін бағалау

## **3. Мәдениет экономикасы және кәсіпкерлік негіздері**

### **Мәдениет экономикасы**

- Өнердің экономика мен қоғамға әсері
- Өнерді қаржыландыру: мемлекеттік қолдау, гранттар, меценаттық
- Мәдени индустриялардың экономикалық үлгілері
- Арт-жобалардың экономикалық бағасы

### **Мәдениет саласындағы кәсіпкерліктің негіздері**

- Өнер мен мәдениеттегі бизнес-модельдер
- Шығармашылықты коммерцияландыру және зияткерлік меншік
- Арт-индустриядагы демеушілік және краудфандинг
- Креативті индустриялардың дамуы

#### 4. Басқару және маркетинг

##### Өнер саласындағы менеджмент

- Менеджменттің негізгі теориялары мен тәсілдері
- Өнер ұйымдарын басқару: мұражайлар, галереялар, театрлар, киностудиялар
- Мәдени мекемелердегі стратегиялық және операциялық басқару
- Креативті индустрияларда көшбасшылық және команда құру

##### Өнердегі маркетинг және PR

- Арт-жобаларға арналған маркетингтік стратегияларды әзірлеу
- Мәдениет саласындағы бренд жасау және позициялау
- Көрермен тарту және БАҚ-пен жұмыс
- Өнерді алға жылжытудағы заманауи digital құралдар

#### 5. Стратегиялық жоспарлау және инновациялар

##### Мәдениет саласындағы стратегиялық менеджмент

- Арт-индустриядың ұзақ мерзімді жоспарлау
- SWOT-талдау және бәсекелестік стратегиялар
- Мемлекеттік мәдени саясат және оның нарыққа әсері
- Арт-менеджменттегі жаһандық трендтер

##### Өнердегі инновациялар мен технологиялар

- Сандық технологиялардың өнерге әсері
- NFT, блокчейн және шығармашылықты монетизациялаудың жаңа тәсілдері
- Виртуалды және толықтырылған шындық мәдени жобаларда
- Өнер менеджментіндегі жасанды интеллект және автоматтандыру

## **2. ЕКІНШІ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҚ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҮХБАТ.**

### **Жалпы талаптар:**

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негізdemесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератка білім немесе ғылым мекемесінде (FЗИ) жұмыс істейтін КР FЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **1 РЕЦЕНЗИЯ** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

### **Рефератка қойылатын талаптар:**

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Қөлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
  - титулдық бет;
  - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы қөлемі);
  - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындастын тараулары мен тараушалары);
  - қорытынды;
  - қолданылған әдебиеттер тізімі;
  - қосымшалар (рефераттың жалпы бет қөлеміне енбейді).
- 4 Рефераттың рәсімделуі:
  - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
  - Интервал – бір;
  - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;
  - Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

## 5. Ғылыми зерттеудің презентациясы

### ❖ Бұл не үшін қажет?

Презентация – бұл рефераттың қысқаша, көрнекі түрде безендірілген иұқасы, ол қорғау және ауызша баяндама жасау үшін әзірленеді.

### Презентацияга қойылатын талаптар:

- Колемі – 10–15 слайд
- Форматы – Microsoft PowerPoint (PPTX) немесе PDF
- Қорғау ұзактығы – 7–10 минут

### Презентация құрылымы:

- ✓ Титулдық слайд – автордың аты-жөні, зерттеу тақырыбы, қала, жыл.
- ✓ Кіріспе
- ✓ Зерттеудің өзектілігі
- ✓ Зерттеудің мақсаты
- ✓ Зерттеудің міндеттері
- ✓ Зерттеу нысаны мен пәні
- ✓ Зерттеу әдістері (қандай әдістер колданылды?)
- ✓ Зерттеу деңгейі мен жаңалығы
- ✓ Теориялық және практикалық маңыздылығы
- ✓ Зерттеудің негізгі нәтижелері
- ✓ Қорытындылар мен зерттеудің болашағы
- ✓ Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

### Техникалық және стильдік талаптар:

- ◆ Презентация біріншідей стильде безендірілуі тиіс.
- ◆ Нақты тақырыптар, минималды мәтін, негізгі идеяларға екпін қою.
- ◆ Графиктер, диаграммалар, схемалар – ақпаратты көрнекі ету үшін ұсынылады.
- ◆ Орфография, пунктуация және гылыми жазу стилін сақтау қажет.

## **Баяндамадан не күтіледі?**

- ✓ Тakyрыпты терең түсіну және логикалық баяндау.
- ✓ Өз көзкарасын дәлелдей білу.
- ✓ Магистрлік деңгейдегі ғылыми жұмысқа дайындығын көрсету.

\*Маңызды! Слайдтарды оқымай, оз созіңбен, құрылымды ері сенімді түрде баяндаңыз!

## **\*Шыгармашылық емтиханды бағалау критерийлері**

<b>Бағалаудың балдық корсеткіші I шыгармашылық емтихан</b>	<b>Бағалау критерийлері I шыгармашылық емтихан</b>	<b>Бағалаудың балдық корсеткіші II шыгармашылық емтихан</b>	<b>Бағалау критерийлері II шыгармашылық емтихан</b>
32-35	Талапкер жоғары эрудиция деңгейін, логикалық және аналитикалық ойлау кабілетін көрсетті, ғылыми аппаратты сенімді менгерген. Сұраптарға накты, дәлелді және жүйелі жауап береді, арт-менеджмент саласында терең білімін көрсетеді. Ғылыми талдау жүргізе алады, мысалдар көлтіріп, қорытынды жасайды. Жауабы толық, қурылымы накты және кисынды.	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негізделі, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратка ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын көреді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 25 бет).
28-31	Талапкер сұраптарға сенімді жауап береді, арт-менеджмент негіздерін жақсы менгерген. Жауабы кисынды, дәлелді, бірақ кейбір тұжырымдарда немесе бөлшектерде болмашы қателіктер болуы мүмкін. Акпаратты талдап, түсіндіре алады, бірақ қорытынды жасауга келгенде аздал сенімсіздік байқалады.	28-31	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негізdedі, зерттеудің негізгі ережелерін кисынды түрде баяндағы, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
24-27	Талапкер негізгі сұраптарға жауап береді, бірақ кейбір формулировкаларда қателіктер жібереді немесе материалды терең талдамайды. Жалпы, жауаптары кисынды, бірақ аргументация әлсіздеу. Ғылыми терминдерді колданғанымен, оларды толық	24-27	Талапкер мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).

	менгермеген.		
20-23	Жауаптарында логикалық қайшылықтар немесе дәлсіздіктер кездеседі. Сұрақтарды жалпы түсінеді, бірақ материалды үстірт карастырады. Өз ойын жеткізуде нақты тұжырымдай алмайды. Гылыми аппаратты орташа деңгейде менгерген.	20-23	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.
16-19	Талапкер тақырыпты нашар менгерген, жауап беру барысында айтартылтай қателіктер жібереді, ойын нақты дәлелдей алмайды. Білімі үзік-үзік, материалды жүйелі түрде түсіндіре алмайды. Жауабы толық емес, логикасы әлсіз.	16-19	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша гылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Гылыми аппаратты нашар менгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-15	Пәнді нашар менгерген, толыққанды жауап бере алмайды. Аргументациясы әлсіз, негізгі ұғымдарды түсінуде елеулі олқылықтар бар. Жауабы ретсіз, кисынсыз.	12-15	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).
7-11	Жауап сұрақтың мәнін ашпайды, арт-менеджмент саласында базалық білімінің жоқтығын көрсетеді. Көп қателіктер жібереді, баяндалған фактілер арасында логикалық байланыс жоқ. Материалды менгеру деңгейі ете төмен.	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді, гылыми аппаратты менгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Жауап жоқ немесе мүлдем талаптарға сәйкес келмейді. Талапкер емтихан тақырыбы бойынша ешқандай білім көрсетпеді, негізгі ұғымдарды түсінбейді.	0-6	Өтпейді. Жұмыс гылыми зерттеу рефератына ресімдеу бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

### БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шыгармашылық емтихан бойынша сұрақтар: [art-menedjment@kaznui.kz](mailto:art-menedjment@kaznui.kz)

Оқуға түсудің жалпы мәселелері бойынша: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)

Факультет деканы: Марат Ракышұлы Иманберген

Кафедра менгерушісі: Самат Жаксылыкович Бектенов